

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 2 қыркүйек N 983. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.06.12. N 813 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Мемлекеттік басқару органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3

тамыздағы N 874 қаулысымен белгіленген үш орынбасар шегінде бір бірінші орынбасар, құрамында 7 адамы бар алқа ұстаудына рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы бір ай мерзім ішінде Министрлер Кабинетіне Комитет алқасының дербес құрамы туралы ұсыныстар беретін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 2 қыркүйектегі

N 983 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау

жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының

Құрылымы

Әлеуметтік-экономикалық талдау, есеп және статистиканы ұйымдастыру Бас басқармасы

Ұлттық шоттар жүйесінің Бас басқармасы
Өндіріс және инвестициялар статистикасының жетекші басқармасы
Сыртқы экономикалық байланыс пен қызмет көрсету статистикасының
жетекші басқармасы

Әлеуметтік және демографиялық статистиканың жетекші басқармасы
Ауыл және орман шаруашылығы статистикасының басқармасы
Баға статистикасының басқармасы
Төлем балансы статистикасы бөлімі
Жоспарлау-қаржы жұмысы және бухгалтерлік есеп бөлімі
Іс Басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК